



• ТАҒЫМ

## Зиялыға зиярат

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осыдан екі жыл бұрын Қарағандыға жұмыс сапарымен келіп, аймақ жұртымен кездесуде: «Қарағанды табиғи байлығымен ғана қазыналы деп аталмағаны анық. Сарыарқаның дәл жүрегінде орналасқан аймақтың рухани қазынасы да орасан зор. Талай тарихи оқиғаның куәсі болған шежірелі аймақтан қазақтың көптеген біртуар тұлғалары шыққан. Қарағанды өңірі – Әліхан Бөкейхан, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермеков сияқты Алаш арыстары дүниеге келген қасиетті жер», – деген еді. Ал, сол асылдарымызды ардақтап, ел егемендігі жолындағы еселі еңбегі мен көзсіз ерліктерін насихаттау – ортақ парыз. Осы орайда, мемлекет және қоғам қайраткері, Алаш-орда үкіметінің мүшесі, математика саласынан тұңғыш казак профессоры Әлімхан Ермековтің дүниеге келген күнінде Қарағанды қаласы маңында орналасқан зираты басына барып, рухына тағзым етіліп, құран бағышталды.



Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Жуырда Әлімхан Ермеков жерленген зират басы жаңғыртылып, қабіріне барар жолы жөнделгенін атап өткен жөн. Ұлт перзентінің немересі Олег Ермеков, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Құдайберген Бексұлтанов, облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын, қала әкімінің орынбасары Ләззат Төкенқызы, облыстық Әнет баба атындағы орталық мешіттің бас имамы Естай Айтұғанұлы, «Сауаққа Арарағат» медиахолдингінің директоры Қайрат Әбілда және депутаттар, басқа да бірқатар ел азаматтары дұғаға қол жайды. Әлімхан Ермековтің бар-жоғы жиырма тоғыз жасында Мәскеуде қазақтың шекарасын шегендеу үшін бар білімі мен күш-жігерін салып, осыншама ұлан-байтақ өлкенің казак халқына тиесілі екенін

дәлелдеп шыққаны бүгінде аңызға айналған. Сондай көзсіз ерліктің, қайсарлықтың арқасында бабадан қалған байтақ Отан тұтастай бізге аман-есен жетті. – Мәселе тек Алаш арыстарына ғана емес, жалпы ұлт мұраты, мемлекет мүддесіне адал қызмет еткен, ұлт руханиятына өшпес үлес қосқан барлық тұлғаларға қатысты. Мәселен, Қадыр Мырза-Әліні неге тек бағыс қадірлеуі тиіс?! Немесе Қасымды Қарағанды ғана төрге шығару керек пе?! Әлбетте, олай болмауы керек. Бұлар – күллі ұлтқа ортақ тұлғалар. Бөле-жарып, бөлшектеп, жеке немендеуге келмейтін аяулы арыстар, елге ерекше еңбегі сіңген есіл ерлер ғой. Сондықтан, бүгінгі ұрпаққа, бүгінгі жастарға осы елдің бірлігі мен тұтастығын, ердің де, жердің де ортақтығын санасына сіңіруге тиіспіз. Меніңше, Әлімхандай бабамыздың бізге қалдырған басты аманаты, өшпес өсиеті осы деп білемін, – деді Ерлан Бейсембайұлы.

Әлімхан Әбеуұлы – қазаққа ортақ тұлға. Оның ақырып теңдік сұрауы Кеңес билігіне ұнамай, абақтыға қамалды, бірнеше жылын айдауда өткізді. Облыс орталығындағы бұрынғы Ленин көшесі 58 үй, 8 пәтерде тұрғаны жайлы естугімбіз. Кейін ғалым тұрған сол үйді көзімізбен көргенде, өзегіміз өртенгені рас. Өйткені, РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-бабы 8-тармағы, яки, «халық жауы» деген бабын қайраткердің мекенжайымен сәйкестендіру өте ауыр жаза еді... Алайда, сұмпайы билік оны қанша жерден қыспаққа алса да, жігерін жасыта алмады. Рухын тізерлетуге шамасы жетпеді. Әлімхан Әбеуұлының немересі Олег Ермеков өз сөзінде батыр бабалардың ерліктері лайықты жалғасын тауып жатқанын баса айтты.

– Қазақтың біртуар ұлы Әлімхан Ермеков – қазақ жерінің тұтастығын сақтауға сүбелі үлес қосқан тұлға. Маньзыдсы – мұны жастардың санасына өшпестей қылып сіңіру. Олар осымен рухтанып өсуі керек. Өйткені, бабалар аманаттаған ұлан-байтақ жерімізге ие болатын осы жастарымыз. Атам Әлімхан Әбеуұлының басына келіп, толқып тұрмын. Абаттандырылғанын көріп, риза болдым. Бұл – ауқымды жұмыс. Осы игі істің басы-қасында жүрген азаматтарға шексіз алғыс айтамын. Бұл жастарымыздың жиі келіп, болашақ туралы ойға бататын қастерлі орын боларына сенемін. Әлімхан Ермеков бастаған игі іс, батыр бабалардың ерліктері лайықты жалғасын тауып жатқаны көз қуантады. Енді, мұны жас буын іліп әкетсе екен. Қазіргі жаһандану заманында Қазақстан қасиетті Тәуелсіздігін, шекаралық тұтастығын және басқа да ұлттық құндылықтарын сақтап, дами түсетініне сенемін, – деді ол.

• СҮЙІНШІ!

## Алтай асқан абырой

Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Ғалым Жайлыбай сонау Моңғолияның Баян-Өлгий аймағындағы Дэлүүн ауданының Құрметті азаматы атанды. Бұл туралы ақын өзінің Facebook парақшасына жазды. Бұл – Арқа жұртына ортақ қуаныш.



Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Жеке шығармашылығымда елеулі орны бар «Сұлубайдың әні» дастаным үшін Баян-Өлгий аймағы Дэлүүн ауданының Құрметті азаматы атандым, – делінген жазбада. «Сұлубайдың әні» поэмасы өткен ғасырда Өр-Алтайда орын алған Ұлт-азаттық күресте жау қолынан қаза тапқан ер жүрек батыр, ақын Сұлубай Сапыұлының тағдыры туралы поэма. Сұлубай – сонау Оспан батыр көтерілісіне қатысып, ажал құшқан тарихи тұлға. Оның күреске толы тағдырын суреттейтін әні мұраға қалған-ды. Ғалым Жайлыбай сол әнді негізге ала отырып, осынау дастанды жарыққа шығарыпты. Мың данамен басылып шыққан дастан ағылшын, түрік, орыс тіліне де аударылған. Алаштың ардақұрған ақынын жеткен жетістігімен құттықтап, шығармашылық талағай табыс тілейміз!

Суреттер ұйымдастырушылардан

Сурет ашық дереккөзден

• ЖОБА

## Оқушы оқушыны оқытады

Қарағанды қаласының отбасын қолдау орталығында көпбалалы, қамқоршысы жоқ, аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларға тегін қосымша сабақтар өткізетін жоба басталды. «Білім-инновация» лицей-интернаты мен Н.Нұрмақов атындағы мамандырылған мектеп-интернатының дарынды балаларынан құралған Peer to peer еріктілер тобы тегін репетитор болады.



арада оффлайн сабақтар басталатынын да мәлімдеді. Өзірге еріктілер білім алғысы келетіндерді тіркеп, ата-аналарға семинар өткізуде. – Біз 1-10 сынып оқушыларына математика, қазақ тілі, физика, химия, ағылшын тілі және тағы басқа пәндер бойынша сабақ өткіземіз. Жобаға тіркелу үшін ата-ана мен балаға сауалнама жіберіледі. Сауалнама арқылы оқушының қанша уақыт және қандай пәнді тереңдетіп оқығысы келетінін анықтаймыз, – дейді еріктілер.

Peer to peer командасы ықылас білдірушілерді еріктілер қатарына қабылдауға дайын. Еріктілерге волонтерлік жобаға қатысқаны туралы сертификат, түрлі номинациялар, қосымша сыйлықтар беріледі. Діліаз БЕКМОЛЛА, Е.Бөкетов атындағы зерттеу университеті журналистика бөлімінің III курс студенті

## ORTALYQ QAZAQSTAN ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2024 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады.

Санаты		«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша ҚАЛА
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5827,65 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3079,65 тг
Санаты		«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша АУДАН /АУЫЛ
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5891,70 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3083,70 тг

Қарағанды қ., Ермеков к., № 33, 8 қабат, 88 каб.  
Анықтама телефондары: Тел.: 43-57-89  
Сағыныш – 8-702-638-56-85; Нұрсұлу – 8-705-902-04-05;  
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru





